

Аккредиттеу жөніндегі сыртқы сарапшының этикалық нормалар КОДЕКСІ

Осы Кодекс Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің әрбір сыртқы сарапшысы үшін оның білім беру ұйымдарында сараптамалық қызметті жүзеге асыру кезіндегі міндетті мінез-құлық қағидаларын белгілейді.

Сыртқы сарапшының қызметі білім беру ұйымының өзін өзі бағалау нәтижелерінің толық және шынайылығын бағалауға, білім беру ұйымы/білім беру бағдарламасы қызметінің сапасын АРТА стандарттарына сәйкес сыртқы бағалау сараптамасын өткізуге бағытталған.

Сыртқы сарапшының қызметі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі - АРТА) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен өлшемшарттарына, білім беру ұйымдарын аккредиттеуді өткізу жөніндегі қағидаларына, нұсқаулықтарына және нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылады.

1. Сыртқы сарапшылар комиссиясының құрамына енгізілгенге дейін, сарапшы оның комиссия жұмысына қатысуына кедергі болатын мән-жайлардың бар екені туралы АРТА-ға хабарлауға міндетті.

2. Білім беру ұйымдарында және білім беру бағдарламаларында сыртқы сараптаманы жүзеге асыра отырып, сыртқы сарапшы АРТА құқық берген оның өкілеттіктерінен асатын іс-әрекеттерді жасамауы тиіс.

3. Сарапшы сыртқы сарапшылар комиссиясының құрамында өзінің функцияларын сапалы орындауға және өзін өзі бағалау нәтижелерін бағалаудың объективтілігіне кепілдік бере отырып, қорытынды есеп үшін АРТА-ға материалдарды белгіленген мерзімдерде ұсынуға міндетті.

4. Сарапшы басқа сыртқы сарапшылармен және аккредиттелетін білім беру ұйымының қызметкерлерімен өзінің қарым-қатынастарын өзара құрмет негізінде құруы, басқа сарапшының, сараптама жүргізілетін білім беру ұйымы өкілдерінің ары мен абыройын төмендететін пікірлер мен сөздерді қолданбауы тиіс.

5. Сарапшы АРТА-ның сыртқы сарапшылар комиссиясының жұмысы барысында алынған құпия ақпаратты жарияламау бойынша өзіне міндеттеме қабылдайды.

6. Сарапшы тек АРТА жүзеге асыратын аккредиттеу рәсімдеріне қатысады. Сарапшы басқа аккредиттеу агенттіктерінің жұмысына қатысқан жағдайда АРТА-мен келісуі қажет.

7. Сарапшыға аккредиттелетін білім беру ұйымының қызметкерлерінен және басқа адамдардан кез келген нысанда сыйлықақы қабылдауға тыйым салынады.

8. Сарапшы АРТА-ның сарапшылары және олардың қызметі туралы оң қоғамдық пікірді қалыптастыруға тырысуы тиіс.

Осы Кодекстің талаптарын бұзу сарапшымен қатынастарды тоқтатуға әкеледі. Осы Кодекс жалпыға қолжетімді және жария құжат болып табылады және онымен аккредиттеу процестері үшін жұмылдырылған барлық сарапшылардың танысуын талап етеді.

Таныстым

сыртқы сарапшы _____

КОЛЫ

Т.А.Ә.

Күні: _____

